

Шығармашылық пен руханияттың қиылысында: кітапхана және менің ішкі әлемім

Бүгінгі заман - ақпарат пен технологияның ғасыры. Алайда осы жылдам ағым ішінде адамдар өзін-өзі табуға, ішкі әлемін терең ұғынуға және рухани дамуға деген қажеттілікті бұрынғыдан да көбірек сезіне бастады. Осындай жағдайда шығармашылық пен руханият - адамның ішкі әлемін байытып, оған жаңа тыныс беретін екі алып күш. Бұл екеуінің қиылысар тұсы - кітапхана болуы да тегін емес. Себебі кітапхана - тек білім көзі емес, рухани жаңғырудың да бастау бұлағы. Осы жолда мен өз ішкі әлемімді шығармашылық арқылы аша бастадым. Мен үшін кітапхана - үнсіздік орнаған, бірақ ойлар шулаған әлем. Әсіресе А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана менің шығармашылық жолымның алтын бесігіне айналды. Бұл - өңірдің ірі мәдени және білім орталығы, онда заманауи электронды каталог пен цифрлы қор қалыптасқан. Мұнда оқырмандар сирек басылымдарды қашықтан пайдалана алады, ал кітапхана ұжымы республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болып, «Үздік аймақтық кітапхана» атағын иеленген. Жыл сайын ұйымдастырылатын әдеби кештер, көрмелер мен авторлармен кездесулер талай жастың арманын қанаттандырып, менің шығармашылық өрісімді кеңейтті.

Шығармашылыққа деген қызығушылығым бала күнімнен басталды. Мен кішкентайымнан сурет салуға құштар болдым. Қолыма қалам мен бояу тисе, қағаз беті бірден түрлі суреттерге толып шыға келетін. Бұл - менің ішкі әлемімді, қиялымды, ойларымды білдірудің ең сүйікті тәсілі еді. Ата-анам бұл өнерімді алғашқы күннен-ақ байқады және әрдайым қолдады. Олар менің суретке деген қызығушылығымға жеңіл хобби ретінде емес, шынайы қабілет деп қарап, сеніммен қарады. Үнемі шығармашылығымға жағдай жасап, шабыттандырып отырды. Мен тек сурет салумен ғана шектелмей, тарихқа да ерекше қызығушылық танытамын, ал бұл екі қырым комикс-альбомдарымда өзара үйлесім тапты.

Комикс жасау туралы ой алғашында өзімнен шыққан жоқ - бұл бастаманы өңірдің мәдениет пен білімнің дамуына үнемі үлес қосып келе жатқан А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана көтерген еді. Ал осы жобаны жүзеге асыруға түрткі болған идея маған кітапханадағы сурет үйірмесінің жетекшісі Мерей Қайнарұлы ағайымның тарапынан ұсынылды. Ол кісі маған: «Тарихты бүгінгі жастарға заманауи жолмен жеткізуге болады. Сенің қолыңнан келеді», – деп сенім артты. Бұл сөздер менің ішкі дауысыммен үндесіп, бірден іштей қабыл алдым. Сол сәттен бастап біз шығармашылық жұмысты бірге бастадық. Ол кісі мені жігерлендіріп, шығармашылық жолдағы сенімімді күшейтті. Мерей ағай тарихты визуалды түрде жеткізудің қаншалықты маңызды екенін үйретті. Қазақ тарихындағы ұлы тұлғаларды, аңыз-ертегілерді заманауи форматта - комикс түрінде жеткізгім келді. Бұл - өзім секілді жасөспірімдерге тарихи танымды жеңіл, қызықты әрі көркем жолмен ұсынудың бір амалы еді. Комикс жасау - жай ғана сурет салу немесе қызық әңгіме айту емес. Бұл - терең ізденіс, жауапкершілік пен рухани еңбек екендігін анық түсіндім. Менің шығармашылық жолым бір сәтте басталғандай көрінгенімен, оның артында ұзақ ойлану, тынымсыз жұмыс пен үлкен сенім жатыр. Өнер жолындағы алғашқы қадамым - мен үшін ерекше әрі қызықты болды. Бұл шығармашылық сапарымда А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхананың қолдауы мен Мерей Қайнарұлы ағайымның

бағыт-бағдары ерекше рөл атқарды. Кітапхана - маған шабыт сыйлаған рухани орта болса, Мерей ағай - сол шабытты нақты іске айналдыруға жол көрсеткен ұстазым. Екеуінің де демеуі мен қамқорлығы арқасында мен өзімнің алғашқы қадамымды нық басып, шығармашылықтың жаңа белесіне көтерілдім.

Менің шығармашылық жолымның алғашқы айрықша беті Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына орай жазылды. Қазақ тарихындағы ұлы тұлғаның бейнесін заманауи комикс форматына көшіру - мен үшін зор мәртебе болды. Бұл жұмысты атқару барысында мен тек суретші емес, зерттеуші, жазушы, тіпті сценарист те болдым. Алғашқы комиксім бірнеше қиындықтармен бетпе-бет кездестірді. Ең әуелі, тарихи деректерді жинақтау оңай болмады. Әлихан атамның өмір жолы туралы мәліметтер көп болғанымен, олардың ішінен маңыздысын іріктеп, көркем суретке айналдыру - нағыз жауапкершілік еді. Сондай-ақ, әр беттегі суретті дерекпен сәйкестендіру, тарихи бейнені дәл жеткізу - өз алдына бір сынақ. Кейде бір суретті бірнеше рет қайта салып, қимылын, көзқарасын, киімін нақтылауға тура келді. Шығармашылық жұмысым талап ететін уақытты бөлу де оңайға соқпады, сабағыммен қатар алып жүру үшін күн тәртібімді қайта құруға тура келді. Кешкілік үстел басында отырып, жарық сөнгенше, тіпті түн ішінде сурет салған кездерім де болды. Архивтік материалдарды ақтардым, деректермен таныстым, мағыналы сөздерді суретпен ұштастыруға ұмтылдым. Алайда осы қиындықтардың бәрі мені шыңдады. Әрбір сәтсіз шыққан сурет - тәжірибе, әрбір түзету - өсу болды. Жұмыс аяқталғанда қолыма дайын альбомды ұстаған сәтте, барлық қиындықтарымның артында үлкен қуаныш тұрғанын түсіндім.

"Алаш көсемі" жарық көргеннен кейін, екінші батыл қадамымды қазақтың ертегілік мұрасы әрі сүйікті ертегілерімнің бірі - "Ер Төстік" ертегісімен батыл бастым. Егер алғашқы жұмысымда тарихи деректерді дәл жеткізу басты мақсат болса, бұл еңбекте қиял мен ұлттық нақышқа көбірек орын берілді. Осы кезде мен алғаш рет иллюстрацияларды цифрлық форматта салып, туындының сапасын айтарлықтай жақсартуыма себеп болған - Анам. Маған суретке арналған арнайы планшет сыйлап, шығармашылығымды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Анашым материалдық қана емес, рухани қолдауын да аямай келеді. Ол маған дем беріп, өз ісіме сенімділігімді арттырды. Сол үшін анама жүрегімнің ең тереңінен шексіз алғыс айтамын - менің әрбір туындымның артында оның маған деген махаббаты тұр. "Ер Төстік" альбомын жасау барысы мен үшін ерекше қызықты әрі күтпеген жаңалықтарға толы болды. Алғаш рет цифрлық форматта жұмыс істегендіктен, әр суретпен тәжірибе жасап, түрлі бояу палитралары мен жарық түсіру тәсілдерін қолданып көрдім. Кейіпкерлердің бейнесін жасауда батырдың батылдығын, достық пен адалдықты, ертегідегі ғажайып сәттерді көркем жеткізуге тырыстым. Жұмыс барысында қиялым шарықтап, расында, кей сәттерде өзімді ертегі әлемінің ішінде жүргендей сезіндім. Осылайша, шығармашылық сапарым тарихи тұлғадан ертегінің сиқырлы әлеміне жалғасты.

«Ер Төстік» альбомының жұмысы аяқталған соң, мен біраз уақыт шығармашылық демалыс алдым. Бұл үзілісте шабытты қайта жинап, алдағы уақытта қандай тақырыпқа қалам тербейтінімді ойлап жүрдім. Сол кезде Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдығы жақындап келе жатқанын білдім. Мағжан поэзиясында ерекше орын алатын «Батыр Баян» поэмасы мен үшін нағыз фаворит, сондықтан мерейтойға орай осы шығарманы комикс-альбом ретінде бейнелеуді шештім. Бұл жолғы жұмыс барысында қызық бір сәт

болды: альбомның алғашқы нұсқадағы мұқабасы көңілімнен шықпай, оны қайта жасауға тура келді. Тіпті бір рет емес, екі рет қайта салдым. Осы процесте мен цифрлық сурет салу дағдыларымды одан әрі жетілдіріп, бұрынғыдан да сапалы нәтижеге қол жеткіздім. Жұмыс ұзаққа созылғанымен, әр сәті маған жаңа тәжірибе мен шыдамдылықты үйретті. Бұл жолы тарихи деректер мен көркем мәтінді үйлестіріп, батырдың ерлігін, мінезін және Мағжан жырының рухын сурет арқылы жеткізуге тырыстым. Осылайша, менің үшінші туындым әдебиет пен сурет өнерінің тоғысында дүниеге келді.

Комикс-альбомдарым жарық көргеннен кейін, оларды оқырманмен қауыштыру үшін алаң керек болды. Сол кезде А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының ұжымы маған зор қолдау білдірді. Олар кітаптарымның тұсаукесерін жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік жасап, шығармашылығымға шынайы жанашырлықпен қарады. Бұл кітапхана - мен үшін жай ғана кітаптар жиналған орын емес, шығармашылыққа, жаңашылдыққа, жастардың дамуына кең жол ашатын рухани орта. Ұжымның әрбір мүшесі - жылы қабылдап, мені шабыттандырған тұлғалар. Олар тек өз ісінің мамандары ғана емес, жас таланттардың болашағына сенетін жүректі жандар. Әрбір жылы сөзі, әрбір көмегі мені жаңа белестерге жетеледі. Сондықтан да А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасының бүкіл ұжымына шын жүректен алғысымды білдіремін.

“Шығармашылық пен руханияттың қиылысында” - менің жолымның басты мәнін ашатын сөздер. Бұл - тек сурет пен мәтіннің байланысы ғана емес, ішкі әлемімнің тереңіндегі ойлардың көрінісі. Мерей Қайнарұлының идея ұсынуы, анамның ерекше қамқорлығы және А.С. Пушкин атындағы кітапхана ұжымының шынайы жанашырлығы - осы жолдағы ең қымбат тіректерім. Кітапхана - мен үшін тек кітап сөрелері емес, ойға жол ашатын рухани кеңістік. Шығармашылық - сол кеңістіктегі шабытты көзге көрінер бейнеге айналдыру. Осы екі әлемнің тоғысынан туған әр туындым - менің жанымды байытып, болашаққа деген сенімімді күшейтті.

Америкалық жазушы Рэй Брэдбери айтқандай: Кітапханаларсыз бізде не қалады?
Өткеніміз де, болашағымыз да болмайды. (“Without libraries what
have we? We have no past and no future.”)